

Мұғалжар ауданы Талдысай ауылдық округі Еңбек ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Талдысай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 21 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 қазанда № 5109 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Талдысай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Талдысай ауылдық округі әкімінің 27.06.2017 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 29 қыркүйегіндегі №11-26/145 ұсынысының негізінде, Талдысай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар ауданы Талдысай ауылдық округінің Еңбек ауылы аумағында ірі мүйізді қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Талдысай ауылдық
округі әкімінің м.а

Р. Амангелдиева